



**«Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Балдәурен» бөбекжай- балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін- өзі аттестаттау
қорытындысы**

Кемерши ауылы 2022 жыл

«Балдәурен» бөбекжай- балабақшасы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорынының өзін- өзі аттестаттау қорытындысы.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық негізінде Балдәурен бөбекжай балабақшасы МКҚК өзін-өзі аттестаттау өткізілді. Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1. Мекеменің толық атауы: «Балдәурен» бөбекжай- балабақшасы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорыны.
2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы) 030306 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Кемерши ауылы, Бірлік көшесі, 11 үй.
3. Заңды тұлғаның байланыс деректері(телефон, электронды пошта, веб сайт) 87132 35694, baldauren-2014@mail.ru, инстаграмм: [baldauren_sadik](https://www.instagram.com/baldauren_sadik), веб сайт: <https://sad-baldauren.baiganin-roo.edu.kz/kz>
4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері. Токсанбаева Райхан Гамидуллақызы . Бұйрық № 30. 11.08.2014 жылы Байғанин аудандық білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған.
5. Күкык белгілейтін және құрылтайшылық «Балдәурен» бөбекжай- балабақшасы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны болып 2010 жылы 17 наурызда №43 Байғанин аудандық әкімдігінің қаулысымен құрылған. Заңды тұлғаны тіркеу анықтамасы БСН 100440016615 берілген уақыты: 11.01.2021 жыл. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 22.04.2010
Кәсіпорынның құрылтайшысы Байғанин аудандық әкімдігі болып табылады.
6. Рүкесат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған 8 қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). №KZ17RVK00031221. Лицензия берілген мерзімі: 03.02.2021 жыл. Ұйымның қызмет көрсетуіне күкықтық негізі: ҚР Әділет Министрлігі Ақтөбе облысының әділет департаменті Байғанин ауданының әділет басқармасы Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу

туралы №105-1904-05-МК 2010 жылғы 22 сәуір. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Байғанин аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінің Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы: БИН100440016615 11.01.2021 жыл. Білім мекемесінің негізгі құжатының бірі -Жарғы, «Білім туралы» заңның 41 бабын және ҚР Үкіметінің «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде дайындалған. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсан №469 қаулысымен бекітілген, тіркеу №105-19-04-05-НАО-МК БИН100440016615. Жарғы 21 беттен тұрады. Нөмірленіп, тігілген.

7. Мектепке дейінгі ұйымының Коммуналдық меншікке қабылдау туралы 29.12.2017 жылдың № 250 қаулысы бойынша тіркелген. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актілер жазылатын кітапта 18.09.2020 жыл №489 болып жазылды. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02:023:001:130:1 Жалпы алаңы 1159,3 Жер учаскесінің алаңы 2,0931 га. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты автономдық жылу жүйесіне қосылған, салқын сумен қамтамасыз етілген. 2011 жылдың 28 ақпанында №11 санитарлық –эпидемиологиялық ұйғарым алынған. Берілген қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымның санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай. Мектепке дейінгі ұйымның санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитариялық –эпидемиологиялық өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшада толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқаулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жаракаттануы тіркелмеген. Мекемедегі өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген.

Материалдық техникалық және әлеуметтік базасы.

«Балдәурен» бөбекжай- балабақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан жақты оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Балабақша әкімшілігі материалдық техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі. Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын мүмкіндігінше толықтырылып отырылады. Оқу тәрбие жұмысына қажетті құралдар төмендегі кестеде көрсетілді.

№	Атауы	саны	сомасы	барлығы	Алған мерзімі
1	Компьютер жиынтықта	3	320395	320395	2010
2	ноутбук	1	150000	150000	2016
3	ноутбук	1	210000	210000	2017
4	принтер	1	26900	26900	2010
5	Принтер	1	40000	40000	2017
6	Принтер 3/1	1	131532.80	131532.80	2021
7	Факс аппарат	1	24700	24700	2010
8	Акустикалық калонка	2	65000	130000	2014
9	Активті пульт	1	41000	41000	2014
10	проектор	1	221000	221000	2017
11	Видеокамера	13	66961	870500	2019
12	телевизор	1	18900	18900	2010
13	телевизор	1	141000	141000	2017
14	отау	1	41000	41000	2017
15	микрофон	1	45000	45000	2018
16	Балалар кереуеті	52	6154	320000	2010
17	Балалар орындығы	50	1410	70500	2010
18	Стеллаж	2	92000	184000	2017

Топтар парта, отырғыш, кереует, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтар, сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен қамтылған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай, 5 білім саласы бойынша безендірілген.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен, кір жуатын машина, тоңазытқытар, мұздатқыштар, таза суға арналған құрылғы, үтіктейтін аппарат, т.б жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлмесі, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып,

талапка сай жабдыкталган, СанПин талаптарына сай.

Ас ээирлейтін бөлме 4 камфорлы электроплитамен, 1-сужьлыткыш, 2-тоңазыткыш бар, ас үй жабдыктары номірленген, санитарлык талаптарга сай. Ас уйде 2 аспаз, шаруашылык менгерушісі жұмыс жасайды. Шикі өнімдерді сактайтын койма 1 бөлмеден тұрады. Өнімдер сертификаттары талапка сай жинақталган. Өнімдерді тіркейтін кіріс шығыс журналдары жүргізіледі. Балабакша медициналык құрал жабдыктармен жабдыкталган, арнайы кабинет бар. Медициналык бөлме кажетті құрал-жабдыктармен камтылган. Дезинфекциялык құралдарды дайындауға арналган бөлме толык жабдыкталган. Медициналык бөлме екі бөлмеден тұрады. 1) Медбикенің жұмыс орыны. 2) Окшаулау бөлмесі, бөлмеде бір мұздаткыш бар, балаларга медициналык көмек көрсету үшін 0.5 штат бірлігінде медбике жұмыс жасайды. Медбикенің медициналык арнаулы білімі, медициналык білім қызметіне сертификаты бар.


Балабакшада материалдык техникалык базасы канагаттанарлык. Эр топтың өз ойын алаңы бар, ойын аландары жабдыкталган.

Мемлекеттік мекеменің материалдык техникалык жағдайын жақсарту жұмыстары мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес жүргізіледі.

Балабакшада менгеруші, әдіскер, музыка залы кабинеттері талапка сай жабдыкталган.



Медбике бөлмесі



Окшаулау бөлмесі



Психолог бұрышы





Музыка залы

2 Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі МДГО) сәйкестігі.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

2018-2019 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 тамыздағы № 292 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымындағы № 391 бұйырығының 1 қосымшасына сәйкес үлгілік оқу жоспарымен жұмыс жасады.

2019-2020 оқу жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйырығы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымындағы № 391 бұйырығымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйырығымен жұмыс жасады.

2020-2021 оқу жылы 31.10.2018 жылғы № 604 бұйырығы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (толықтыру және өзгерістернен 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйырығы) №557 бұйырығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (толықтыру және

өзгерістернен 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы) және де Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығының 1 қосымшасын негізге ала отырып құрылды.

2021-2022 оқу жылдары 31.10.2018 жылғы №604 бұйрығы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (толықтыру және өзгерістернен 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) №557 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (толықтыру және өзгерістернен 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы) және де 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат негізге ала отырып құрылды.

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасында оқу тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативтік басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10.5 сағат.

Балабақша сыйымдылығы 50 орын, 2 топ. Қазіргі таңда 50 бала тәрбиеленуде, 1-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады.

«Балдәурен» бөбекжай- балабақшасының жылдық жоспары оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан жақты, нақты жазылған. Педагогикалық ұжымның іс әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі. «Балдәурен» бөбекжай- балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту тәрбиелеу процесін:

«ҚР Білім беру» Заңына:

Жарғысына:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»,

Оқу жұмыс жоспарына: Ішкі тәртіп ережелеріне

ҚР Білім және ғылым министрінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау қаулыларына сәйкес

ұйымдастырылады.

Ата аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Оқу тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық, аудандық семинарлар, шебер сыныптарына қатысып іс тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық педагогикалық жағдай жасауда психологтың жылдық жоспары негізінде төмендегі көрсетілген бағыттармен жұмыстар жүргізеді.

-Әдістемелік

-Диагностикалық бағыт

-Кеңес беру бағыты

-Коррекциялық бағыт (түзету)

-Ағарту және алдын алу бағыты

-Тәрбие жұмысы (Рухани адамгершілік тәрбие)

-Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру

-Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және қиын тәрбиеленушілердің тәрбиесін алдын алу бойынша жұмыс.

Оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып сабақтастық байланыс әр жылда жылдық жоспарғы жазылып бекітіледі.

Жас ерекшеліктеріне байланысты жеке тұлғаны дамытуда оқу қызметіне қажетті құралдар:

-ойын іс әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен:

-жапсыру, сурет, құрастыру іс әрекеттеріне қажетті құралдар А форматта көрнекіліктер:

- балалардың қимылдық іс әрекеттеріне қажетті спорттық құрал жабдықтармен жабдықталған.

-әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары бар.

Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлі театрлар дайындалған.

Креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік тұлғалық қасиеттерін

калыптастыру (К модель) бойынша балабақша педагогтері мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша академиялық 235 сағат көлемінде оқу курсын төмендегі педагогтар

«Педагогикалық шеберлік орталығының» Ақтобе филиалынан аяқтады.

Нүрекешова Ақбаян Нұрлыбекқызы

Бердина Айжамал Серікқызы

«Рухани жаңғыру, болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарының орындалуы

2017-2018 оқу жылдарында «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» қасиетті тілімізді ары қарай дамыта түсу, бұрынғы бар байлығы мен қалыптасқан нормаларын бұзбай сақтау бүгін нарызымыз ғана емес, ертеңгі ұрпақтың алдындағы жауапкершілігіміз.

2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт -дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып, оның идеяларын іске асыру бойынша іс- шаралар жоспары жазылып «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының бағыттары, туралы тақырыптық сағаттар, Әр жыл сайын «Рухани жаңғыру» бұрыштары жоспарға сәйкес жинақталды. «Бақытты отбасында бақытты балалар», «Рухани жаңғыру жолында» тақырыбында дөңгелек үстелдер өткізілді. «Мәңгілік Ел», «Білім күні», «16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні», «Әжемнің ертегілері», «Рухы биік, ертеңгі елдің таңымыз!», «Қазақ халқының қолөнері», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Балалық шақ-балғын шақ», «Қыс әуені» секілді тақырыптық сабақтар, сайыстар, іс-шаралар ұйымдастырылған. «Тәрбие білім беру, үрдісін ұйымдастыру-отбасы мен балабақшаның маңызды шарты», «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыптарында ата- аналар жиналысы, пікірталастар өткізілген.





Балабақшаның әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат- міндеттері көрсетілген. Жылдық жоспар жае ерекшеліктеріне байланысты күн тәртібі, өтпелі тақырыптар, ҮОҚ нің кестесі, циклограммалар, перспективалық жоспарлар №1 педагогикалық кенесте талқыланып бекітіледі.

Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. вариативтік компонент оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ.

Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, рухани адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін

дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырды.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар «От -тілеіз жау» , «Жаяу жүргінші нені білуі керек?», «Бәрін білгім келеді», «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Дұрыс тамақтану денсаулықтың негізі» сияқты балалардың білімдерін кеңейтуге бағытталған тақырыптар сағаттар.. Елорда күні, Рәміздер, «Ата-Заңым айбыным», «Білім беру», «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Тұңғыш Президент күні», «Тәуелсіздік тұғырым», «Жарқыра жаңа жыл!» «Алғыс айту», «Наурыз, төрлет төріме», « 1 мамыр- бірлік пен ынтымақ күні», « 9 мамыр -Жеңіс күні», «Балабақшамен қоштасу» мерекелік шаралары мен ертеңгіліктері. Аталған мерекелерге сәйкес балабақшада ата-аналардың қатысуымен көрмелер ұйымдастырылады.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата- аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Баламен жеке жұмыстар, ата -аналарға «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата -ананың рөлі», тақырыптарында кеңестер берілді. Психологиялық кеңестер, тренингтер арқылы ата- анамен жұмыстар жүргізілді. «Балабақшаның ашық есік күні» сауалнама, психологиялық тренингтер өткізіліп, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру шынықтыру, эстетикалық, сөйлеу, ақыл-ой, танымдық дамуының белгілі жағдайлары жасалған .

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оқу тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға жылдық міндеттерді шешуге бағытталған. Театр түрлерін қолдану балалардың логикалық қабілетін дамыту іс -әрекеттерінде инновациялық технологияларын өндіру және жетілдіру, тыңдау қабілетін, сөзді дыбыстық талдау машықтары, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын жетілдіру, балаларды әңгімелеуге үйрету, отбасымен байланыс жасау, сауықтыру шынықтыру іс әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру сұрақтарына көп назар аударылады.

Вариативтік бөліктегі ұйымдастырылған оқу қызметінің тізбесіне: Ортаңғы, ересек топтарында «Бәрін білгім келеді», «Үлттық ойын», «Шебер қолдар», «Ертегілер елінде» , «Ойнайық та, ойлайық» тақырыптарында алынды.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік кеңістік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына жейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік. Әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі.)

Топтағы заттық дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген қажетті қорнекілік құралдарымен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы панкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана», «Дүкен» ойындары, «Қазақы бұрыш», «Табиғат бұрышы», сюжеттік рөлдік ойындардың құрал-жабдықтары жинақталған, бөлме өсімдіктері өсіріледі, топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, үстел үсті және әр түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, колеңкелі театрларына атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің қорнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.


Балабақшада кеңістік пәндік ортаны дайындау барысында «Бала құқығы» «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері», «Мемлекеттік қызмет көрсету», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы», «Сенім жәшігі», «Бала мен балабақша», «Ата-аналар сіздер үшін» «Денсаулық бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы» атты мемлекеттік белгілер мен тақырыптық стендтер және «Біздің мақтаныштарымыз» бұрыштары орнатылған.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның барлық топ бөлмелерінде, музыка залында, кіре-беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейне бақылау камералары қондырылған. Балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін

қаңағаттандыруға аса мән берілді.

«Денсаулық» білім саласы бойынша :

Балалардың өз бетінше қимыл қозғалыс, іс әрекеттеріне баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдар бар. Мәдени гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтін, жетілдіруге арналған сауықтыру шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.



«Қатынас» білім саласы бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде көркем әдебиеттермен қатар атрибуттар, театр бұрышы қамтамасыз етілген.



«Таным» білім саласы бойынша:

Түрлі- түсті заттар мен құралдарды қолдану, түстерді ажырата білу, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білу, ұсақ қол моторикасын дамыту. Қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейту. Сезімдік тәжірибесін қалыптастыру түйсігі мен қабылдауын жетілдіру.



«Шығармашылық» білім саласы бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлері мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналған дидактикалық ойындармен жабдықталған.



«Әлеумет» білім саласы бойынша:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар ойындар.



Балабақша «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтарындағы № 70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрығы негізінде уақытылы жұмыстар жүргізіледі.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы:

Қазіргі уақытта «Балдәурен» бөбекжай- балабақнасында барлығы 9 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен жасалып, аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Балабақнада кадрлар тұрақты, менгеруші, әдіскер, психолог, музыка жетекшісі, 5 тәрбиеші жұмыс жасайды.



2021-2022 оқу жылында барлығы 9 педагог жұмыс жасайды. Оның ішінде

жоғары білімдісі -5 педагог,
 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша -3,
 арнаулы орта білімдісі -4,
 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша- 3
 бірінші санат – 0
 екінші санат -1
 педагог модератор-4
 педагог сарапшы-2
 Үшінші санатты басшы-1
 санаты жоқ-1
 Біліктілікті курсынан өткен педагогтар:-7
 Жанартылған бағдарлама:-2

2018-2019 оқу жылындағы педагогтар туралы мәлімет

№	Педагогтардың аты -жөні	Білімі, бітірген оқу, орны жылы	Диплом бойынша мамандығы	қызметі	Санаты бұйрық №	Куретан өткен уақыты, тақырыбы
1	Токсанбаева Райхан Гамидуллақызы	Ақтөбе гуманитарлық колледжі, 2008 Ақтөбе мемл пед институты, жоғары 2013ж	Шет тілі, екі шет тілі	менгеруші	I санат № 40 14.04. 2016	Ақтөбе ИПК 2014ж
2	Сағызбаева Гулсанат Рысқұлқызы	Ақтөбе коопер колледж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	тәрбиеші	-	Ақтөбе Орлеу 2018
3	Нүрекешова Акбаян Нұрлыбекқызы	Ақтөбе гум колледж анр орта 2003ж	Бастауыш қосымша шет тілі	Әдіскер	II санат № 25\1 07.05.2014	-
4	Мухтарова Шайжан Бектуровна	Ақтөбе пед учиш арн орта 1985ж	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	I санат № 40 14.04.	Ақтөбе ИПК 2009ж

					2016	Ақтөбе ИПК 2013ж
5	Тубекова Шынарғұл Нурлыбаевна	Ақтөбе гум тех колледж анр орта 2014ж	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	-	-
6	Ижанова Жамила Амангелдиевна	Қазақстан инж педхалықта р достығы универ 2016 ж жоғары	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	II санат № 23 27.03. 2017	-
7	Сәрсенова Дәметкен Ағыбайқызы	Ақтөбе гум колледж анр орта 2011 ж	Бастауыш білім беру муз білім беру	музыка жетекшісі	-	-
8	Бердина Айжамал Сериқовна	Ақтөбе «Көпсалалы болашак» колледж 2018 ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	тәрбиеші	-	-
9	Сериқова Нурзада Танжарбаевна	С Бәйішев ат универ 2016 ж жоғары	Педагогика және психология	психолог	-	Ақтөбе Өрлеу 2017ж

2019-2020 оқу жылындағы педагогтар туралы мәлімет

№	Педагогтардың аты -жөні	Білімі, бітірген оқу, орны жылы	Диплом бойынша мамандығы	қызметі	Санаты бұйрық №	Курстан өткен уақыты, тақырыбы
1	Токсанбаева Райхан Ғамидуллақызы	Ақтөбе мемл пед инст, жоғары 2013ж	Шет тілі, екі шет тілі	менгеруші	I санат № 40 14.04. 2016	Ақтөбе ИПК 2014ж
2	Сағызбаева Гулсанат Рысқұлқызы	Ақтөбе коопер колледж	Мектепке дейінгі	тәрбиеші	-	Ақтөбе Өрлеу 2018

		2016	тәрбие және оқыту			
3	Нүрекешова Ақбаян Нұрлыбекқызы	Ақтөбе гум колледж анр орта 2003ж	Бастауыш қосымша шет тілі	Әдіскер	II санат № 25\1 07.05.2014	-
4	Мухтарова Шайжан Бектуровна	Ақтөбе педучиш анр орта 1985ж	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	I санат № 40 14.04.2016	Ақтөбе ИПК 2009ж Ақтөбе ИПК 2013ж
5	Тубекова Шынарғұл Нурлыбаевна	Ақтөбе гум тех колледж анр орта 2014ж	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	-	Ақтөбе Орлеу 2019ж
6	Ижанова Жамила Амангелдиевна	Қазақстан инж педхалықта р достығы универ 2016 ж жоғары	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	II санат № 23 27.03.2017	-
7	Сәрсенова Дәметкен Ағыбайқызы	Ақтөбе гум колледж анр орта 2011 ж	Бастауыш білім беру муз білім беру	музыка жетекшісі	-	-
8	Бердина Айжамал Сериковна	Ақтөбе «Көпсалалы боланақ» колледж 2018 ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	тәрбиеші	-	Ақтөбе Орлеу 2019ж
9	Серикова Нурзада Танжарбаевна	С Бәйішев ат универ 2016 ж	Педагогика және	психолог	-	Ақтөбе Орлеу 2017ж

		жоғары	психолог		
--	--	--------	----------	--	--

2020-2021 оқу жылындағы педагогтар туралы мәлімет

№	Педагогтардың аты -жөні	Білімі, бітірген оқу, орны жылы	Диплом бойынша мамандығы	қызметі	Санаты бұйрық №	Курстан өткен уақыты, тақырыбы
1	Токсанбаева Райхан Ғамидуллақызы	Ақтөбе мемл пед инст, жоғары 2013ж	Шет тілі, екі шет тілі	менгеруші	I санат № 40 14.04. 2016	Ақтөбе ИПК 2014ж
2	Сағызбаева Гулсанат Рысқұлқызы	Байшев ат университет 2020ж жоғары	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Әдіскер тәрбиеші	-	Ақтөбе Өрлеу 2018
3	Нүрекешова Ақбаян Нұрлыбекқызы	Ақтөбе гум колледж анр орта 2003ж	Бастауыш қосымша шет тілі	тәрбиеші	-	-
4	Мухтарова Шайжан Бектуровна	Ақтөбе пед учин арн орта 1985ж	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	I санат № 40 14.04. 2016	Ақтөбе ИПК 2009ж Ақтөбе ИПК 2013ж
5	Тубекова Шынарғұл Нурлыбаевна	Ақтөбе гум тех колледж анр орта 2014ж	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	II санат № 28 05.08.20 20	Ақтөбе Өрлеу 2019
6	Ижанова Жамила Амангелдиевна	Қазақстан инж педхалықта р достығы универ	Мектепке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	II санат № 23 27.03. 2017	Ақтөбе Өрлеу 2020

		2016 ж жоғары				
7	Сәрсенова Дәметкен Ағыбайқызы	Ақтөбе гуманитар орта 2011 ж	Бастауыш білім беру, музыка білім беру	музыка жетекшісі	II санат № 28 05.08 2020	-
8	Бердина Айжамал Сериковна	Ақтөбе «Көпсалалы болашақ» колледж 2018 ж	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	тәрбиеші	II санат № 28 05.08 2020	Ақтөбе Орлеу 2019
9	Серикова Нурзада Танжарбаевна	С Бәйішев ат универ 2016 ж жоғары	Педагогика және психология	психолог	-	Ақтөбе Орлеу 2017ж

2021-2022 оқу жылындағы педагогтар туралы мәлімет

№	Педагогтардың аты -жөні	Білімі, бітірген оқу, орны жылы	Диплом бойынша мамандығы	қызметі	Санаты бұйрық №	Курстан өткен уақыты, тақырыбы
1	Токсанбаева Райхан Гамидуллақызы	Ақтөбе мемл пед инет, жоғары 2013ж	Шет тілі, екі шет тілі	менгеруші	Үшінші санатты басшы. №78 19.04. 2022	Ақтөбе ИПК 2014ж
2	Сағызбаева Гулсанат Рысқұлқызы	Байшев ат университет 2020ж жоғары	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Әдіскер тәрбиеші	Педагог-модератор №10 21.12.20 21ж	Ақтөбе Орлеу 2018
3	Нүрекешова Ақбаян Нұрлыбекқызы	Ақтөбе гуманитар орта	Бастауыш қосымша шет	тәрбиеші	Педагог-модератор №10	Ақтөбе ЦІМ 2021ж

		2003ж	тілі		21.12.20 21ж	
4	Мухтарова Шайжан Бектуровна	Ақтөбе пед учиш арн орта 1985ж	Мектеп ке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	-	Ақтөбе ИПК 2009ж Ақтөбе ИПК 2013ж Ақтөбе Орлеу 2022 жыл
5	Тубеқова Шынарғұл Нурлыбаевна	Ақтөбе гум тех колледж анр орта 2014ж	Мектеп ке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	Педагог - сараншы №198/1 23.12.20 21ж	Ақтөбе Орлеу 2019
6	Ижанова Жамила Амангелдиевна	Қазақстан инж пед.халықт ар достығы универ 2016 ж жоғары	Мектеп ке дейінгі тәрбие	тәрбиеші	Педагог- модерато р №10 21.12.20 21ж	Ақтөбе Орлеу 2020
7	Сәрсенова Дәметкен Ағыбайқызы	Ақтөбе гум колледж анр орта 2011 ж	Бастау ыш білім беру муз білім беру	музыка жетекшіс і	II санат № 28 05.08 2020ж	Ақтөбе Өрлеу 2022
8	Бердина Айжамал Сериковна	Ақтөбе «Көпсалал ы болашақ» колледж 2018 ж	Мектеп ке дейінгі тәрбие және оқыту	тәрбиеші	Педагог- сараншы №198/12 3.12.202 1ж	Ақтөбе Орлеу 2019 Ақтөбе ЦІМ 2022 ж
9	Серикова Нурзада Танжарбаевна	С Бәйішев ат универ 2016 ж жоғары	Педаго гика және психол огия	психолог	Педагог- модерато р №10 21.12.20 21ж	Ақтөбе Орлеу 2017ж

Педагогтар білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Білімі			
		жоғары	арнаулы орта	Мектепке дейінгі	
				жоғары	арн орта
2018-2019	9	3 33.0%	6 66%	1 11%	4 44%
2019-2020	9	3 33.0%	6 66%	1 11%	4 44%
2020-2021	9	4 44.0%	5 55%	2 22%	3 33%
2021-2022	9	5 55.0%	4 44%	3 33%	3 33%

Педагогтардың біліктілік санаты туралы мәлімет

Оқу жылдары	Педагогтар саны	жоғары	бірінші	екінші	Үшінші санатты басшы	Педагог зерттеуші	Педагог сарапшы	Педагог модератор	Санаты жоқ
2018-2019	9	-	2 22%	2- 22%		-	-	-	5 55%
2019-2020	9	-	2 22%	2- 22%		-	-	-	5 55%
2020-2021	9	-	2 22%	4- 44%		-		-	3 33%
2021-2022	9	-		1- 11%	1- 11%	-	2-22%	4 44%	1 11%

2018-2019 оқу жылы 9 педагогтан санаты бар 4 педагог (44,4%).

2019-2020 оқу жылы 9 педагогтан санаты бар 4 педагог (44,4%).

2020-2021 оқу жылы 9 педагогтан 6 педагог (66,6%).

2021-2022 оқу жылында екінші, үшінші санатты басшы, педагог-сарапшы, педагог-модератор санаты бар педагогтардың саны-8 (88,8%). Өткен жылдармен салыстырғанда соңғы екі оқу жылында біліктілік санатын алуға қарқынды өсім бар екенін, балабақша әкімшілігі тарапынан педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөлінетіндігін көруге болады.

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Орлеу» БЛҰО	Педагогикалық шеберлік орталығы	Басқа курстар
2018-2019	9	3		-
2019-2020	9			5
2020-2021	9	1		1
2021-2022	9	2	2	3

2018-2019 оқу жылындағы («Өрлеу» БАҰО, БАҚОО, Педагог шеберлік орталығы) курстан өткен педагогтар туралы мәлімет.

№	Аты- жөні	қызметі	тақырыбы	Өткен мерзімі	сағат
1	Сағызбаева Гулсанат Рысқұлқызы	Әдіскер	Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін жобалау	15.10- 26.10.2018	72
2	Тубекова Шынарғұл Нурлыбаевна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін жобалау»	27.05-07.06.2019	72
3	Бердина Айжамал Сериқовна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесін жобалау»	19.08-29.08.2019	72

2019-2020 оқу жылындағы («Өрлеу» БАҰО, БАҚОО, Педагог шеберлік орталығы) курстан өткен педагогтар туралы мәлімет.

№	Аты- жөні	қызметі	тақырыбы	Өткен мерзімі	сағат
1	Сағызбаева Гулсанат Рысқұлқызы	Әдіскер	Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқу-тәрбие үрдісін 4К моделін қолдана жобалау және Step by step технологиясы негізінде отбасымен жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері	10.06.- 11.06.2020	36
2	Тубекова Шынарғұл Нурлыбаевна	тәрбиеші	1. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқу-тәрбие	29.08- 30.08.2020	36

			<p>үрдісін 4К моделін қолдана жобалау және Stepbysteptехнологиясы негізінде отбасымен жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері</p> <p>2.Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы дене шынықтыру оқу қызметінің ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері</p>	07.08.2020	8
3	Ижанова Жамила Амангелдиевна	тәрбиеші	«Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқу-тәрбие үрдісін 4К моделін қолдана жобалау және Step by step технологиясы негізінде отбасымен жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері»	10.06- 11.06.2020	36
4	Бердина Айжамал Сериқовна	тәрбиеші	«Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында оқу-тәрбие үрдісін 4К моделін қолдана жобалау және Stepbysteptехнологиясы негізінде отбасымен жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері»	10.06- 11.06.2020	36
5	Сериқова Нурзада Танжарбаевна	психолог	«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу»	22.04.2020	8

2020-2021 оқу жылындағы («Өрлеу» БАҰО, БАҚОО, Педагог шеберлік орталығы) курстан өткен педагогтар туралы мәлімет.

№	Аты- жөні	қызметі	тақырыбы	Откен мерзімі	сағат
1	Токсанбаева Райхан Гамидуллақызы	менгеруші	«Білім берудегі менеджмент»	19.04.- 23.04.2021	80
2	Ижанова Жамила Амангелдиевна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмысын ұйымдастырушылық педагогикалық аспектілер»	19.10.- 30.10.2020	72

2021-2022 оқу жылындағы («Өрлеу» БАҰО, БАҚОО, Педагог шеберлік орталығы) курстан өткен педагогтар туралы мәлімет.

№	Аты- жөні	қызметі	тақырыбы	Откен мерзімі	сағат
1	Нүрекешова Ақбаян Нұрлыбекқызы	тәрбиеші	1.Мектепке дейінгі жастағы балаларға сапалы тәрбие мен білім беруде отбасымен серіктестікте жұмыс жүргізу арқылы кәсіби даму аспектілері	06.12- 16.12.2021	72
			2.Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша академиялық 235 сағат көлемінде оқу курсы	16.08- 01.10.2021	235

			аяқтады.		
2	Мухтарова Шайжан Бектуровна	тәрбиеші	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзыреттілігін дамыту.»	11.05.- 20.05.2022	72
3	Сәрсенова Дәметкен Ағыбайқызы	музыка жетекшісі	«Музыка пәні мұғалімнің кәсіби күзыреттіліктерін дамыту»	10.01- 21.01.2022	80
